

ҚАБЫЛДАУ

## ТҰРҒЫНДАРДЫ НЕ АЛАҢДАТАДЫ?

Дүйсенбі күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында өңір басшысы Ерлан Қыдыралыұлы жергілікті тұрғындарды жеке сұрақтарымен қабылдап, өтініш-тілектерін назарға алды.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Қабылдауда болған Жамбыл ауылының тұрғыны Батима Қалдыбаева баласын жұмысқа орналастырып беруін өтінесе, Аса ауылының тұрғыны, көпбалалы ана Айгерім Оспанова қазіргі уақытта жалдамалы пәтерде балаларымен жалғыз тұратынын айтып, баспаналы болуына көмек сұрады.

Өз кезегінде аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы барлық мәселе заң шеңберінде қаралатынын, азаматтарды жұмыспен қамту заңда көрсетілген тәртіппен жүзеге асатынын, көпбалалы анаға қаржылай қолдау көрсететінін айтты.



## Мемлекет басшысы Халық жазушысы Мұхтар Шахановтың қайтыс болуына байланысты көңіл айтты

Мемлекет басшысы ұлт перзенті, аса көрнекті ақын, белгілі қоғам қайраткері, Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шахановтың отбасы мен жақын туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

– Мұхтар Шаханов бар ғибратты ғұмырын кастерлі сөз өнеріне арнап, қазақ поэзиясын жаңа белеске көтерген, төл әдебиетіміз бен мәдениетіміздің көкжиегін кеңейтуге елеулі үлес қосқан қоғамымыздың тұғырлы тұлғасы еді. Әрқашан тіл жанашыры ретінде игілікті істердің бастауында болды. Шығармалары көптеген шет тілдеріне тәржімаланды, жалынды жырларын қалың оқырман сүйіп оқыды. Өнегелі өмір сүріп, соңына мол әдеби мұра қалдырған Мұхтар Шахановтың жарқын бейнесі халқымыздың жадында мәңгі сақталады, – делінген жеделхатта.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

## «БОЛАШАҚ ПРОКУРОРЛАР» КЛУБЫ АШЫЛДЫ



Жуырда «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында қолға алынған «Заң және тәртіп» қағидатын дәріптеу мақсатында Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясында «Болашақ прокурорлар» клубының ашылу рәсімі өтті.

Аружан КҮНТУБАЙ

Аталған іс-шараға аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы, қоғамдық кеңестің төрағасы Рүстем Бегалиев, аудан прокуроры Берік Қыдырәлі, аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова, аудандық білім бөлімінің басшысы Қуаныш Бакытұлы, Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университетіндегі заң факультеті ғылыми істер жөніндегі директордың орынбасары, заң клиникасының меңгерушісі Әлия Мұсаева және Жамбыл облысы Әділет департаментінің құқықтық түсіндіру жұмысы

және зангерлік қызмет көрсету бөлімінің бас маманы Жанбота Салиева, сондай-ақ мектеп ұжымы, сала мамандары мен 8-10 сынып оқушылары қатысып, өз пікірлерін білдірді.

Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы өз сөзінде өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін арттыру мен құқықтық санасын қалыптастыру бүгінгі қоғам дамуының аса маңызды әрі стратегиялық сипаттағы міндеттерінің бірі екенін атап өтіп, бұл бағыттағы жүйелі жұмыстардың маңыздылығына ерекше тоқталды.

→ 2



## Журналистік жолымның алғашқы баспалдағы

Әрадамның өмірінде «алғашқы» деген ұғымның орны айрықша. Алғашқы қадам, алғашқы ұстаз, алғашқы махаббат – бәрі де жаныңа ерекше жылулық сыйлап, болашаққа деген сенімді бекемдейді. Тағдырдың сан тарау жолына түскенде де сол алғашқы бастаудан алған тәлім мен әсер ешқашан ұмытылмайды.

Мен үшін сондай аяулы, сондай ыстық алғашқының бірі – Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газеті. Бұл жерде журналистикадағы еңбек жолым басталып, арманым айқындалып, маман ретінде қалыптасуыма жол ашылды. Әр мақаланың артында үлкен ізденіс, әр сөйлемнің астарында батпандай салмақ бар екенін дәл осы киелі шаңырақта ұғындым.

«Шұғылаға» қалай қадам басқаным – өз алдына бөлек әңгіме. Ал, оған себепші болған – басылымның қазіргі бас



Құрбанәлі ШАХАБАЙ «Шұғыла-Радуга» газетінің 2017-2019 және 2021 жылдардағы тілшісі.

редакторы Нұрасыл Сұлтанбаев. Редакция есігінен имене кірген сәтім күні бүгінгідей көз алдымда.

→ 3

## ЖАЗЫЛЫМ- 2026

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ «ШҰҒЫЛА-РАДУГА» ГАЗЕТІНЕ «КАЗПОШТА» АҚ ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

KAZPOST

6 айға – 3763,50 теңге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 теңге

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ: 2-17-98, 8 747 659 42 68



## САУЛЫҚ – САҚТЫҚТА

ДЕЗИНФЕКЦИЈАЛЫҚ  
ЖҰМЫСТАР БАСТАЛДЫ

Кене шақса кесапатқа әкелуі мүмкін. Осыған байланысты дүйсенбі күні аудандық ұлттық сараптама орталығы мен ветеринария бөлімі бірлесіп Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына қарсы кешенді өңдеу жұмыстарын бастады.

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Аталған іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Нұржан Мұқашев пен Өрнек ауылдық округінің әкімі Өмірбек Ботаев катысып, жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысымен танысты. Айта кету керек, Өрнек ауылы қауіпті індеттің табиғи ошағы ретінде белгіленіп, алдын алу шараларының арнайы жоспары бекітілген.

Қазіргі таңда 196 гектар аумақ,



сондай-ақ 470 аула мен қора-жай (жалпы көлемі 329 мың шаршы метр) залалсыздандырылуда. Сонымен қатар 9700 бас мал, оның ішінде 900 ірі қара, 8000 қой-ешкі және 800 жылқыға дәрілеу жұмыстары жүргізіледі. Жалпы жұмыстар 3 кезең бойынша іске асырылады. Бұл іске 3 арнайы техника мен 5 маман жұмылдырылған.

Мамандардың айтуынша, ерте көктем мен жаздың басында

кенелердің белсенділігі артады. Қан сорған кене көлемі ұлғайып, малдан түсіп, індерге немесе бұталардың түбіне жұмыртқалайды. Келесі жылы сол жұмыртқалардан жаңа кенелер пайда болып, қайтадан жануарларға жабысады. Осылайша олардың саны жыл сайын көбейіп отырады.

– Біздің өңірде кенелер аса қауіпті жұқпалы ауру Қырым-Конго геморрагиялық қызбасының қоздырғышын тасымалдаушы

болып табылады. Олар вирусты өз бойында сақтап қана қоймай, табиғатта кеңінен таралуына ықпал етеді. Кене шаққан жануар арқылы вирус адамға да жұғуы мүмкін. Сондықтан әсіресе далада жұмыс істейтіндер мен мал шаруашылығымен айналысатын азаматтар сақ болғаны жөн, – дейді ұлттық сараптама орталығының директоры Әсел Мауленова.

Әсел Байбекқызының айтуынша, Өрнек ауылдық округіне күзгі ҚКГК індетінің таралмау және алдын алу үшін қорғаныш алқаптарын дельтаметрин құрал ұнтағымен тозандату арқылы, және фаворит препаратымен бүрку арқылы залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуде.

Жұмыс барысымен танысқан аудан әкімінің орынбасары Нұржан Мұқашев мамандарға дезинфекция шараларының сапалы әрі толық жүргізуді тапсырды. Сонымен қатар, дәріленбей қалған аумақтардың болмауын қадағалап, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігін атап өтті.

## СҰХБАТ-КЕШ

«Жазушымен бір күн» облыстық жобасы аясында аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен Қазақстанның Құрметті журналисі, шахматтанушы Байтанағали Төлентаев мектеп оқушыларымен «Ұрпағына асыл мұра қалдыруда» тақырыбында сұхбат-кеш өткізді.

ҚАЛАМГЕРМЕН ӨТКЕН  
ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Жасөспірімдерді жергілікті қаламгердің шығармашылығымен таныстыру, сол арқылы өскелең ұрпақты адамгершілік қасиеттерге баулу, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту көзделген кештің шымалдығы аудандық мәдениет үйінің әншісі Жаксылық Қалтешовтің орындауындағы «Менің пірім – Сүйінбай» термесімен түрілді. Аудандық орталық кітапхананың директоры Аида Қалисаева жүргізген іс-шарада әуелі Байтанағали Төлентайұлының өмірбаяны таныстырылып, шығармашылығына библиографиялық шолу жасалды.

Ауданның зиялы қауым өкілдері – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Сансызбай Махамбетқұлов, Жамбыл ауданының Құрметті ардагері Сәрсен Күзербаев, жергілікті қаламгерлер Төлеген Байсүгіров, Қайрат Отарбаев, Аса ауылдық округі әкімінің орынбасары Асқар Байдалиев, аудандық аналар алқасының төрайымы Гүлмира Бектенбаева жазушының шығармашылығы жайында кеңінен ой қозғап, салмақты сөз сабақтады.



Жасөспірімдер де сұхбат-кешке үн қосты. Бірлесу-Еңбек орта мектебінің 7-сынып оқушысы Аяғез Бағызбай «Кейде адамдар» өлеңін, №1 орта мектептің 8-сынып оқушысы Айару Бақтыбек «Шахмат ойындары» өлеңін, Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің 3-сынып оқушысы Даниял Азаматұлы «Достық» өлеңін мәнерлеп жатқа оқыды.

Өз кезегінде қаламгер оқушылармен сұхбаттасып, сауалдарына жауап берді. «Шахмат сыры», «Боран», «Тараз көктемі», «Шахматшы қонжық» атты кітаптарын тілге тиек етіп, шахмат туралы сыр шертті.

Айтулы шараны қорытындылаған Аида Қуанышқызы ақынға алғысын айтып, шығармашылық табыс тіледі.



Соңы. Басы 1-бетте

«БОЛАШАҚ ПРОКУРОРЛАР»  
КЛУБЫ АШЫЛДЫ

Аудан прокуроры Берік Дүйсенәліұлы құқық қорғау органдарының мемлекет пен қоғам өміріндегі рөлін жан-жақты саралай келе, құқық үстемдігі қағидаты әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің әрі тұрақты қоғамдық дамудың берік құқықтық іргетасы екенін жеткізді.

Ал Әлия Мұсаева білім мен құқық салаларының өзара сабақтастығына ғылыми тұрғыда тоқталып, құқықтық білім берудің теориялық негіздерін тәжірибемен ұштастыру арқылы жастардың кәсіби бағдарын айқындаудың өзектілігін атап өтсе, Жанбота Ғазизқызы құқықтық түсіндіру жұмыстарының қоғамдағы институционалдық маңызына назар аударып, жастар арасында

құқықтық сауаттылықты арттыру мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде жүйелі түрде жүзеге асырылып келе жатқанын жеткізді.

Шара барысында «Болашақ прокурорлар» клубының мүшелері салтанатты түрде ант қабылдап, арнайы төсбелгілермен марапатталды. Аталған клуб кеңістігінің ашылуына орай керме кино рәсімі өткізіліп, мектеп пен аудандық прокуратура арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл өз кезегінде білім беру ұйымдары мен құқық қорғау органдары арасындағы байланысты нығайтып, ортақ мақсат жолындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеретіні сөзсіз.

## СЕНБІЛІК

## ТАЗА АУЫЛ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Тазалық және абаттандыру – қоршаған ортаны, елді мекендерді, көшелер мен аулаларды қоқыстан тазартып, көгалдандыру және жайлы ету шараларының кешені. Бұл тек эстетикалық көрініс емес, сонымен қатар халықтың денсаулығы мен рухани мәдениетінің көрсеткіші болып табылады.

Аудан әкімдігінің «Көктемгі 2 айлық санитарлық тазалық жұмыстары туралы» №152 қаулысына сәйкес аудан аумағындағы ауылдық округтерде сенбілік ұйымдастырылып,

бекітілген іс-шаралар жоспарына сай тазалық жұмыстары жүргізілді.

Жалпыаудандық сенбілік барысында ауылдық округтер әкімдері жергілікті мекеме-ұйым қызметкерлерімен, белсенді жастармен,

еріктілермен бірге елді мекендерде орналасқан мемлекеттік мекемелердің, әлеуметтік нысандардың, саябақ-скверлердің айналасын ретке келтіріп, талдарды әктеді. Арық-атыздарды, көпірлерді, қоқыс орындарын тазалап, қоқыстан арылтты.

Тазалық жұмыстарына жергілікті тұрғындар да белсене қатысты. Олар өздерінің ауласын тазалап, ортақ іске үн қосты.

«Шұғыла»-ақпарат.

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ



## Жамбыл ауданының 2026 жылғы қаңтар-наурыз айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы

2026 жылғы 1 наурызға Жамбыл ауданының халық саны 51086 адамды құрады.

Ауданда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен негізінен шаруа қожалықтары мен жұртшылық шаруашылықтары айналысады. Есепті мерзім ішінде төрт түліктің барлық түрінің өнімдерін қоса есептегенде 1228,9 тонна ет, 4638,9 тонна сүт, 12061,5 мың жұмыртқа алынды. Мал басын өз төлдері есебінен көбейту арқылы мүйіз-

ді ірі қара мал саны 32995 басқа, қой 267544 басқа, ешкі 9324 басқа, жылқы 19886 басқа, түйе 60 басқа, үй құстары 531421-ге жетті.

2026 жылғы қаңтар-наурыз айларында өнеркәсіп кәсіпорындарымен (шағын кәсіпорындар, қосалқы өндіріс және үй шаруашылықтарын қосқанда) 11161,7 млн теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндірілді. Өнеркәсіптік өндірістің индексі 2025 жылғы сәйкес кезеңге 100,4 пайызды құрады.

Аудан бойынша қаңтар-наурыз айларында негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 5377,5 млн теңгені, пайдалануға берілген тұрғын үйлер 10292 шаршы метрді, құрылыс жұмыстарының көлемі 1258,7 млн теңгені құрады.

Есепті мерзім ішінде ауданда бөлшек сауданың көлемі 4610,1 млн теңгені құрап, оның ішінде азық-түлік тауарлары 453,3 млн теңгеге, азық-түлік емес тауарлар 4156,8 млн теңгеге сатылды.

Соңы. Басы 1-бетте



# Журналистік жолымның алғашқы баспадағы

Шыны керек, ол кезде мен журналистиканың «әліппесін» де ашып көрмеген, ақпарат пен мақаланың аражігін айыра алмайтын сары ауыз балапан едім. Бар сенгім – осы салаға деген шексіз құштарлығым мен жастық жалынмен жазылған бірді-екілі шимай-шатпағым ғана.

Осыған қарамастан сол кезде ұжымды басқарып отырған Сансызбай ағай мені жылы шыраймен қарсы алды. Туған әкемдей бауырына тартты, ұстаз ретінде бағыт-бағдар көрсетіп, жөн сілтеді. Жалпы, мен ғана емес, өзімнен қанаттаса қызмет еткен әріптестерімнің дені ол кісіні әлі күнге дейін «Ағай» деп атайды. Құдды бір Сансызбай Бертайұлы деп есім-сойын түгел атасак, бөлектеніп, бөтенсіп қалатындай күй кешеміз. Себебі, ағайдың әрбір сөзі, ескертуі мен ақыл-кеңесі уақыт өте келе өмірлік сабаққа айналды. Кейде қаталдау көрінген талаптарының өзінен жанашырлықтың лебі есіп тұратын. Редакциядағы әрбір жасқа үмітпен қарап, сенім арта білуі ұстазымыздың басты қасиеттерінің бірі еді. Қателессек, түзетіп, сүрінсек, демеп, әр жетістігімізге шынайы қуана білетін. Сол себепті де біз үшін Сансызбай ағай басшыдан гөрі, адасқанда жол нұсқайтын темірқазықтай болғаны ақиқат. Күні бүгінге дейін де сол болмысынан бір сәтке айныған емес.

Хош, сонымен басшылықтың сеніміне ие болып, тілшілік тірлікке кірісіп кеттім. Жалпы, қаламы қалт-құлт еткен жас журналист үшін өмірде екі сөздің басын құрап, ой күштеуден асқан қиын да машақатты көп жұмыс жоқ шығар. Барып, көзбен көріп келген хабарды жазуға отырғанда жоғын іздеген адамдай мазаң қашады. Көрген-білгеннен жаңылып, бір ақпаратты он құбылтасын. Редактордан бастап, оның орынбасары, одан корректор, нөмірдің кезекшісі жазғанында тағы он түзейді. Әбден сүрлеуден өткен мақаланды қайта оқығанда



өңделмеген сөйлемді іздеп дал боласың, намыстанасың. Осындай күйді өзім де басымнан сан мәрте кешірдім.

Бірде басшылық тарапынан өңірден әскерге аттанған жас ұландар жайлы ақпаратты нөмірге әзірлеуге тапсырма берілді. Жазғанымды бірден бас редакторға өткізуге жүрексінім де, әуелі аға тілші Дүйсенбек Ормановқа апарып көрсеттім. Ол кісі қаламын екі-ақ сүйкеп еді, әлгі «туындым» әп-сәтте шимайланып, сау тамтығы қалмады. Одан кейін де жазылған бірнеше ақпараттымын көз ашпай, бас редактордың қатаң сүзгісінен қызыл сиямен «көмкеріліп» шыққан кезі аз емес. Сондай сәттерде «Мен осы журналистикада адасып жүрген жокпын ба?» деген күмәнді ойдың сана түкпірінде сан рет қылаң бергенін несіне жасырайын?!

Жұмысқа жаңадан қабылданған жас маманның құжаттарын түгендеу, банктен есепшот ашыту секілді біраз әуре-сарсаңға түсетіні белгілі. Ол үшін сан түрлі мекеменің табалдырығын тоздыруына тура келеді. Өзім де соның қамымен бірқатар есікті қаққанмын. Бағыма орай марқұм Дүйсенбек ағай қасыма жолсерік болып ілесе жүріп, қажетті адамдармен таныстырып, талай шаруамды шешіп берді. Барған жерде «Бұл – біздің облыс орталығынан келген жас тілшіміз» деп мақтауынды асырғанда екі бетін дуылдап, өздігінен қызара бастайды. Арасында шымшыма әзілімен қағытып қоятыны тағы бар. Сондағысы, дала пейіл, бала көңіл ағайдың мені ортаны көрсін, танысын, сіңсін, өзін жат сезінбесін деген адал ниеті екен-ау.

Журналистік жолымдағы айрық-

ша орны бар жанның бірі бас есепші Алма Әлиева еді. Сырттай қарағанда қаржы-қисаптың жауапкершілігін арқалаған қызметкер болғанымен, біз үшін ол кісі ең алдымен жүзінен мейірімі төгілген жанашыр жан болып есте қалды. Жастарға деген ерекше қамқорлығы бізді баурап алатын. Қай-қайсымыздың да жағдайымызды сұрап, қиындық болса қол ұшын созуға дайын тұратын кең пейілі – Алма әпкенің адами болмысының айқын көрінісі. Сол себепті де біз оны тек әріптес ретінде емес, ұжымның берекесін келтірген ардақты жан, ақылына ана ретінде қабылдадық. Өкініштісі, бүгінде Дүйсенбек ағай да, Алма әпке де бақиға бет түзеп, сарғайған сағынышқа айналды. Өзекті өртейтіні де – осы.

Табалдырығынан бастап төріне дейін құт қонған қарашаңырақта

сайдың тасындай іріктелген сайып-қыран мамандар өте көп болды. Мәселен, Роза Ашимова, Ғалия Әлиева, Аскар Муталиев, Нұрасыл Сұлтанбаев, Мақсат Жұмабаев, Күнзипа Ситалиева сынды алдыңғы және орта буын бір-бір уық секілді қасиетті қарашаңырақты биіктетсе, Ильяс Қалыбеков, Эльмира Түркменова, Айдана Қуатова, Әсем Муталиева, Ақжігіт Жетпісбай, Жәнібек Асанов, Гүлбаршын Сейтқазиевамен жалғасын жас толқын осы орданың қанатын керген керегесі іспетті еді. Аталған әріптестерімнің дені қазір де «Шұғылада» жемісті еңбек етіп, басылымның көкжиегін кеңейтіп келеді.

Өкінішке қарай, «Шұғыла» сапындағы алғашқы «жорығым» ұзаққа созылмады. Себебі, санамды тұрмысқа билетіп, небәрі 1 жылдан сәл ғана астам уақыттан кейін облыс орталығындағы газеттердің біріне ауыстым. Алайда, араға 2 жыл салып, тағдыр иірімі мені осы басылымға қайта алып келді. Дегенмен, бұл жолғы сапарым алдыңғысынан да қысқа болды. Бүгінде «Шұғылада» жұмыс істеген жылдарымды санасам, бір қолдың саусағына да жетпейді екен. Дегенмен, осынау аз ғана уақыттың өзі жүрегіме мәңгілік азық, өшпес өнеге, таусылмас тағылым қалдырды. Осы ортада жүріп адамдықты, адалдықты сінірдім, бастысы аға таптым, дос таптым, бауыр таптым. Бүгінге дейінгі ғұмырымда еншілеген ең баға жетпес құнды олжам да осылар шығар, сірә?!

Түйіндей айтқанда, асқаралы алпыстың шыңына шыққан «Шұғыла-Радуганың» шұғылалы да, шуақты күндерін таусылмасын! Өрдайым ақиқатты алдаспан еткен басылым әлі де оқырмандарын тілі шұрайлы, көркемдік қуаты мол дүниелерімен қуантып, талай тастүлекті қияларға самғатарына сенімім кәміл. Ғазиз ғұмырың мыңжылдықтарға жалғассын, менің Алтын ұям!

## ХАБАРЛАНДЫРУ

### Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Шайдана ауылдық клубының меңгерушісі (1 бірлік) және мәдени ұйымдастырушы (1 бірлік) уақытша бос лауазымдарына конкурс жариялайды

**Кәсіпорынның атауы:** Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

**Орналасқан жері:** пошталық индексі 080200. Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі №102 үй, тел.: (872633) 2-15-29; 2-24-34.

**Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыты:** Әдебиет және өнер туындыларын көпшілік алдында орындауға және көркемдік ұжымдар мен жекелеген орындаушыларды танымал етуге жағдайлар жасау, халықтың рухани және эстетикалық сұранысын қанағаттандыру, кәсіби көркемдік ұжымдар мен жекелеген орындаушылардың концерттерін ұйымдастыру, музыкалық-ағартушылық қызметті жүзеге асыру, халыққа музыкалық-эстетикалық тәрбие беру, ҚР заңнама талаптарына сәйкес ақылы қызметтер көрсету болып табылады.

**Мәдени ұйымдастырушысы бос лауазымдық міндеттері:** ойын-сауық, тұрғындардың ойындық қатынасы мен демалысының ұжымдық түрлерін ұйымдастырады;

сценарийлерді, тақырыптық бағдарламаларды, ұжымдық демалыстың ойын түрлерін, көркемдік безендіру, әуенмен әрлеу және техникалық жабдықтау жұмыстарын жасауға қатысады, концерттерді дайындау үшін сценарийлік жоспарлар жасайды, көркемдік және музыкалық жетекшілерді, хореографтарды, концертмейстерлерді, шығармашылық ұжымдарды, жеке әншілерді шақырады, эскиздер мен реквизит заттарын жасайды, концерттік бағдарламалардың фонограммасын дайындайды, шығын сметасын дайындайды және ұйым басшылығына бекітуге ұсынады.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе

өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, «өнер және мәдениет» немесе «білім беру» мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

**Клуб меңгерушісінің лауазымдық міндеттері:** Шығармашылық қызметті және клуб мүлкінің сақталуын жүзеге асырады;

елді мекен (ықшамаудан), сондай-ақ жақын маңдағы елді мекен (ауыл, кент) тұрғындары арасында мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастырады; клуб жұмысының жоспарын жасайды, бекітеді және оның орындалуын қамтамасыз етеді; көркем өнерпаздар үйірмелері мен бірлестіктердің жұмыстарын ұйымдастырады; демалыс кештерін, тақырыптық концерттер, кештер және көпшілік шараларды өткізеді; қоғамдық клуб белсенділеріне мәдени-көпшілік шаралар жүргізуде әдістемелік көмек көрсетеді; ойын-сауық, тұрғындардың ойындық қатынасы мен демалысының ұжымдық түрлерін ұйымдастырады;

сценарийлерді, тақырыптық бағдарламаларды, ұжымдық демалыстың ойын түрлерін, көркемдік безендіру, әуенмен әрлеу және техникалық жабдықтау жұмыстарын жасауға қатысады; концерттерді дайындау үшін сценарийлік жоспарлар жасайды, көркемдік және музыкалық жетекшілерді, хореографтарды, концертмейстерлерді, шығармашылық ұжымдарды, жеке әншілерді шақырады;

эскиздер мен реквизит заттарын жасайды; концерттік бағдарламалардың фонограммасын дайындайды;

шығын сметасын дайындайды және ұйым басшылығына бекітуге ұсынады.

**Біліуі тиіс:** Конституцияны; Бюджет кодексінің; Еңбек кодексінің;

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын;

клуб жұмыстарының ұйымдастырылуын.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмыстары) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім және/немесе ғылым және/немесе архив ісі және/немесе экономика және/немесе құқық саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орнында аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмыстары) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Қызметкерлердің лауазымдық жалақысы білімінің деңгейіне және жұмыс өтіліне сәйкес 100000 теңгеден жоғары.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы «Азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» №1017 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру облыстық «Аулиета» газетіне сондай-ақ республикалық epbek.kz интернет-сайтында жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжай бойынша қабылданы:** Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі №102 үй, тел.: 8(72633)2-15-29; 2-24-34.

**Мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:**

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақ (нақты тұратын мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген);
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмесі;
- 5) еңбек кітапшасы (ол болған кезде);
- 6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.
- 7) Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

**Құжаттарды қабылдау аяқталатын күн:** 2026 жылдың 6 мамыры.

**Конкурстың өтетін орны:** Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі №102 үй.

**Осы лауазымға орналасқан тұлға үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және өзге де жеңілдіктер берілмейді.**

ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

# Қош бол, әлем ардақтаған Мұхтар аға!

Қазақ әдебиеті мен мәдениеті, руханияты ауыр қазаға ұшырады. 84 жасқа қараған шағында белгілі ақын, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шаханов қайтыс болды. Бұл қайғылы хабар еліміздің аумағына кең тарап, барша қазақтың қабырғасын қайыстырды. Себебі, Мұхтар Шаханов жігерлі жастық шағынан бастап, өмірінің соңғы минуттарына дейін халқымен бірге тыныстаған, елдік мәселелер үшін шындық айтудан тайсалмаған, жалынды өлеңін әр қазақ жаттаған дара тұлға болатын. Қазақ халқы үшін маңызы зор Желтоқсан көтерілісін, Арал теңізі мәселелерін зерттеуі оның биік қайраткерлігін көрсетті.

Мұхтар Шаханов 1942 жылы 2 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шілік ауылында дүниеге келген. Жетіжылдық мектепті бітірген соң, трактордың тіркеушісі, облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде корректор, әдеби қызметкер, «Лениншіл жас» газетінде оңтүстік облыстар бойынша меншікті тілші, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, республикалық «Жалын» журналының бас редакторы және өзге де қызметтерді абыройлы атқарды. КСРО Халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, ҚР Халық депутаты болды.

1993-2003 жылдары Қазақстан Республикасының Қырғыз республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі қызметін атқарды. 2003-2004 жылдары «Жалын» журналының бас редакторы, әлем ойшылдарының басын біріктіретін «XXI ғасыр және Руханият» атты халықаралық элита клубының президенті. 2004 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты атанды. Көптеген өлең кітаптардың және халық арасына кең тараған бірқатар әннің авторы. Балладалары мен поэмалары дүние жүзі халықтарының 20-дан астам тілдеріне аударылған. «Махаббат заны»,

«Сенім патшалығы», «Сократты еске алу түні» атты драмалары республикамызда және шетел театрларында қойылған. Ш.Айтматовпен бірлесіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабы мен «Сократты еске алу түні» драмасы көптеген тілдерге аударылған.

Қырғыз Республикасының Халық ақыны (1994), Қазақстан Республикасының Халық жазушысы (1996), БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы сыйлығының, Қазақстан және Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлықтарының, Түрік Республикасының «Түрік дүниесіне қызметі үшін» халықаралық сыйлығының және Қырғыз Республикасы халықаралық «Руханият», түрік дүниесі жазушылар бірлестігінің «Шахрияр», ЮНЕСКО-ның «Боорукер» клубы сыйлықтарының иегері.

2002 жылы «Жазагер жады космоформуласы» шығармасы үшін Калифорния Ғылым, индустрия, білім және өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы алтын медалі, Түркияның Гебзе қаласында «Түрік тілде халық арасындағы ең үздік әлем ақыны» сыйлығы берілген.

Аяулы ақынның Әулиеата топырағымен де байланысы аз емес



еді. Әр жыл сайын әдебиетсүйер қауыммен, студент жастармен жүздесіп, арқаланып өлең оқитын еді. Өткен жылы облысымызға келгенінде жамбылдық жұртшылық ыстық ықыласпен қарсы алған болатын. Бұл сапарына ақынның қаламынан туған «Танакөз» поэмасының Асқар Токпанов атындағы облыстық қазақ драма театрында көрсетілуі себеп болып еді. Облыс әкімі Ербол Қарашөкеев те аяулы ақынды қабылдап, құрмет көрсеткен еді.

Үлкен жүректің соғуын тоқтатқаны баршаға оңай соқпағаны анық. Ауыр қазаға орай аяулы ақынның отбасына, жақын туыстарына, барша қазақ халқына қайғырып көңіл айтамыз. Жаратушы өз рахымына бөлеп, аяулы ақынның пейіште нұры шалқысын. Аяулы ақынның мұралары халық қазынасына айналып, есімі қазақ халқының жүрегінде ұзақ сақталатыны анық.

Облыстық «Ақ job» газеті.

СПАРТАКИАДА

Аса ауылындағы аудандық «Бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығында» аудан ардагерлерінің қатысуымен «Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты аудандық спартакиада өтті. Жылда ұйымдастырылатын дәстүрлі спорттық жарыс Ұлы Жеңіс күніне арналды.

## Асалық ардагерлер – Бірінші

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Спартакиаданың ашылу салтанатына арнайы келген аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы ардагерлер арқылы салауатты өмір салтын насихаттаудың маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Әр азамат бұқаралық спортты жанына серік етіп, салауатты өмір салтын қалыптастыруы қажет. Бұл ретте аға буын, яғни ардагерлер үлгі болуы тиіс. Ұлы Жеңіс күніне арналған аудан ардагерлері арасындағы аудандық спартакиада осы мақсатта ұйымдастырылды. Ардагерлеріміз спорттық іс-шаралардан қалыс қалған емес. Түрлі облыстық, республикалық жарыстарда топ жарып, жүлде алып жүр. Бүгінгі жарыста да аянып қалмасы анық. Жеңімпаздар облыстық ардагерлер

спартакиадасында бақ сынап, жеңісті жолын жалғастырады деген сенімдемін. Барлығыңызға сәттілік тілеймін, – деді өңір басшысы өз сөзінде.

Жылы лебіздер легін жалғаған аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Рүстем Бегалиев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев спорттық іс-шараларға белсенді қатысуымен өскелең ұрпаққа үлгі болған замандастарына ризашылықтарын білдірді.

Өз кезегінде ардагерлер дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, асық ату, волейбол секілді спорт түрлері бойынша сыңға түсіп, жүлделі орындарды сарапқа салды. Нәтижесінде, жалпыкомандалық есепте Аса ауылдық округі бірінші, Бесағаш ауылдық округі екінші, Тоғызтарау ауылдық округі үшінші орынды иеленді.

Жеңімпаздардан жасақталатын аудан құрамасы 12 мамыр күні өтетін Ұлы Жеңіс күніне арналған облыстық спартакиадаға қатысады.



БІЛІМ

## ӨНЕРЛІ ҰСТАЗ – ӨРЕЛІ ҰРПАҚ ҰЙЫТҚЫСЫ

Жуырда Төле би атындағы орта мектепте көркем еңбек пәні мұғалімдеріне арналған «Көркем еңбек пен бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары» атты аудандық семинар-практикум өтті.

Аружан КҮНТУБАЙ

Жиында сөз алған педагогтар көркем еңбек пен бейнелеу өнері сабақтарының мән-маңызына жан-жақты тоқталып, олардың жас ұрпақтың эстетикалық талғамын қалыптастырудағы, ой-өрісі кеңейтудегі және жан дүниесін байытудағы ерекше рөлін байыппен баяндады. Бүгінгі білім кеңістігінде шәкіртті білім нәрімен сусындатумен қатар, оның бойындағы туа біткен дарынын ұштап, қиялына қанат



бітіру жолындағы келелі кеңес мектеп директоры Жандос Әжібаевтың сөзімен ашылды.

Жандос Болысбекұлы «Ұстаз – ұлттың шамшырағы» деген терез ойды тірек етіп, кәсіби басқосулардың тәжірибе алмасу мен жаңа бастамаларды жүзеге асырудағы рөлін жан-жақты атап өтті. Сонымен бірге

аудандық білім бөлімінің әдіскері Эльмира Түркменова көркем еңбек пәнінің тәрбиелік әрі тағылымдық қырларына тоқталып, «Ой мен қолдың үйлесімінен туған әрбір туынды – баланың ішкі әлемінің айнасы» деген пікірін ортаға салды.

Семинарда «Шебер қолдар» атты колөнер көрмесінде ұсынылған

әрбір бұйымнан ұлттық нақыш пен заманауи үрдістің өзара сабақтастығы айқын көрініс тапты. Бұл көрмеде көздің жауын алар көркем бұйымдар қатарында ұлттық өрнекпен безендірілген сәндік заттар, тұрмыстық колөнер туындылары, заманауи үлгіде жасалған композициялар ұсынылды. Сонымен қатар арт-терапия бағытындағы тәжірибелік жұмыстар жүргізіліп, қатысушылар құммен сурет салу, тасқа бейне бедерлеу, мандала тоқу секілді тың әдіс-тәсілдерді тәжірибе жүзінде игерді.

Семинардың мәйегіне айналған көркем еңбек пәні бойынша өткен шеберлік сыныптарында әр білім ошағынан келген білікті ұстаздар өздерінің озық тәжірибелерін ортаға салып, тағылымды ойларымен бөлісті. Б.Кейкіев атындағы орта мектептің ұстазы Қалмырза Есалиев «Құрамалы бөлшектерден көтергіш құралдарын жасау» тақырыбында өткізген сабағында оқушылардың техникалық зердесін, логикалық пайымын дамытуға бағытталған соны

тәсілдерді көрсетсе, Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясының ұстаздары Қаракас Ахымбаева мен Эльмира Нысанова ұсынған «Қыздарға сәндік аксессуарлар жасау» шеберлік сабағы нәзік талғам мен ұлттық өрнекті ұштастыра білген мазмұнымен ерекшеленді. Сондай-ақ, Т.Токтаров атындағы орта мектептің мұғалімі Айгүл Токсабаева өткізген «Қазақтың ұлттық киімі – этностиль» тақырыбындағы ықшам сабақта дәстүр мен жаңашылдықтың өзара үндестігі кеңінен насихатталып, оқушылардың тарихи таным мен эстетикалық талғамын қалыптастыруға баса мән берілді. Ал А.Матросов атындағы негізгі мектептің мұғалімі Нәсіпбек Демешев «Теріге және сүйекке сурет салу» шеберлік сыныбында ата-бабадан мирас болған колөнер дәстүрін жаңғыртып, көнеден жеткен асыл мұраны дәріптеудің үлгісін көрсетті.

Қорытынды бөлімде қатысушылар рефлексия жасап, алған әсерлері мен ой-толғамдарын ортаға салып, тың идеялар мен ұсыныстар айтты.

ЖИЫНДЫ АСТАМ ТІЛДЕРІНЕ АУДАРЫЛҒАН

МЕНШІК ИЕСІ:  
«Шұғыла-Радуга» газеті  
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:  
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей  
байланыс: 87765549701

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

87059774177

Аружан КҮНТУБАЙ

87002642761

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

87474240395

Құрбанәлі Шахабай

87788758489

Жұматай Көксубайұлы

87088419629

Ғалия АЛИЕВА

87075853423

Дизайнер-теруші:

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

2-20-24

2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде  
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.  
Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰҰ00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,  
жарнама мазмұны үшін жауап  
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап  
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті  
редакциясында компьютерде теріліп,  
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам  
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.  
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3064 Тапсырыс №248

Нөмірдің кезекшісі: Аружан КҮНТУБАЙ

Газет аптасына 2 рет,  
сәрсенбі, жұма күндері  
шығады.

Газета выходит 2 раза в  
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:  
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:  
Индексі 080200, Аса ауылы,  
Абай көшесі 78-үй.